



Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 ақпан N 252

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 27 желтоқсанда Иерусалимде қол қойылған Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекеті Үкіметінің арасындағы Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің бекітілгені туралы Израиль тарабын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль
Мемлекетінің Үкіметі арасында ауыл шаруашылығы
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Израиль Мемлекетінің Үкіметі,
ауыл шаруашылығы саласындағы даму екі ел үшін өзара тиімді болатынын ескере отырып,
ауыл шаруашылығында және соған жақын салаларда ынтымақтастықты нығайтуды көздей отырып,

мұндай ынтымақтастықтың қазіргі кезден бар достық қатынастардың

өрістеуіне бұдан былай да көмегін тигізетінін мойындай отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап.

Агротехнология, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы өнімін сақтау және қайта өңдеу салаларын қоса алғанда, Тараптар ауыл шаруашылығында ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Бұл жерде ынтымақтастықтың мына келесі бағыттарына және салаларына ерекше маңыз берілетін болады:

- өсімдік шаруашылығы және оның диверсификациясы;
- ирригациялық технологиялар және жүйелер;
- сүтті мал шаруашылығы және қой шаруашылығы;
- мал азықтандырудың әдістері мен технологиясы;
- құс шаруашылығы;
- өсімдіктер мен малды қорғау құралдары, ауыл шаруашылығы өнімінің сапасын арттыру;

- генетикалық материалмен алмасу және әр түрлі экожүйелерде ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынауды жүргізу;
- ауыл шаруашылығы өнімін сақтаудың жүйелері мен технологиялары;
- мал дәрігерлігі қызметіндегі диагностика және профилактика;
- ауыз суды, әсіресе ауылдық жерлерде, алудың жүйелері және технологиялары;
- қалалық сумен жабдықтау және ағынды сулардың қалдықтарын қайта өңдеу;
- жоғары сапалы отырғызу материалдарын шығаруға арналған генетикалық жүйелер және технологиялар;
- ауруға төзімді көшеттерді, тұқымдардың өндірісін және олардың маркетингін қоса алғанда, генетикалық алмасу;
- ауыл шаруашылығы өнімін көтерме және бөлшек саудада сатуға әзірлеу үшін жүйелер және технологиялар;
- орманды қорғау және қоршаған ортаны сауықтыру жүйесі;
- сор топырақты қалпына келтіру және жақсарту;
- тәжірибе-оқыту шаруашылықтарын белгілеу;
- екі елдің кез келгенінде семинарларды, конференцияларды,

кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;

- рынокқа бағытталған фермалар және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау, қайта өңдеу, жеткізу және маркетинг жөніндегі кіші аймақтық жобаларды дамыту жөніндегі үш жақты ынтымақтастық (үшінші донор-елдермен немесе халықаралық қаржыландыру ұйымдарымен);

- сыртқы және ішкі рыноктарда ауыл шаруашылығы өнімінің маркетингін қоса алғанда, екі елдің мемлекеттік және жеке секторында бірлескен кәсіпорындарды құруды көтермелеу.

2-бап

1-бапта көзделген ынтымақтастықты және қажетті байланыстарды қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында әр тараптың 4 өкілінен тұратын Бірлескен комиссия құрылады. Комиссия екі жылда бір рет кезекпен Алматыда және Иерусалимде дипломатиялық арналар бойынша күні бұрын айтылған мерзімдерде жиналатын болады. Бірлескен комиссия қызметтің жалпы бағытын, қол жеткізген жетістіктердің шолуы, ынтымақтастықтың қаржылық аспектілерін қамтамасыз ету және белгілеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын, таяу кезеңге жұмыс жоспарын әзірлейді. Өткен кезеңдегі ынтымақтастықта қол жеткен нәтижелер Комиссияның әрбір мәжілісінде қаралады және кездесудің хаттамасында белгіленеді.

3-бап

Тараптар ынтымақтастықтың осы Келісімнің 1-бабында аталған бағыттары мен салаларын іс жүзінде жүзеге асыру үшін сол салалардағы мамандармен алмасатын болады. Мамандардың іссапарына байланысты шығындарды жіберуші тарап өз мойнына алады, ал олардың ел ішінде жүріп-тұруына, өмір сүруіне және тамағына байланысты шығындарды,

қабылдаушы тарап төлейді. Қабылдаушы тарапқа жіберуші тарап бұл мамандардың келетіні туралы, олардың келуіне дейін, бір ай бұрын хабарлауға тиіс.

4-бап

Осы Келісімнің шеңберінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Израиль Мемлекетінің Ауыл шаруашылығын дамыту министрлігі үйлестіруші органдардың міндетін атқаратын болады.

5-бап

Осы Келісім 5 жыл бойында қолданыста болады және Тараптар тиісті ішкі мемлекеттік процедураларды олардың орындағаны туралы соңғы дипломатиялық нотаны алған күннен бастап күшіне енеді.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Егер осы Келісімнің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін 6 ай бұрын Тараптардың бірде бірі оның күшін тоқтататыны туралы жазбаша мәлімдеме бермесе, ол өздігінен тағы 5 жылға созылады. Осы Келісімнің күші тоқтатылған жағдайда оның шарттарына сәйкес ертерек басталған қызмет аяқталуға тиіс.

Иерусалимде 1995 жылғы 27 желтоқсанда, бұл 5756 жылдың 4 tevet күніне сәйкес келеді, әрқайсысы қазақ, иврит, ағылшын және орыс тілдерінде жасалады, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің мәтіндерін түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

Қазақстан Республикасының Израиль Мемлекетінің
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК